

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Электр лобзик
(жіңішке ара)
FinePower OneBase
CJSBR80

FinePower

Мазмұны

| | |
|---|-----------|
| Құрылғының қызметі | 5 |
| Сақтық шаралары | 5 |
| Жұмыс орнындағы қауіпсіздік | 5 |
| Электр қауіпсіздігі | 5 |
| Жеке қауіпсіздік | 6 |
| Электр құрал-саймандарды дұрыс пайдалану..... | 7 |
| Электр лобзикпен жұмыс істегендегі қауіпсіздік шаралары | 7 |
| Аккумуляторлы батареяны (Li-pol/Li-ion) қолдану жөніндегі ұсыныс) | 8 |
| Құрылғының схемасы | 10 |
| Аккумуляторды және қуаттау құрылғысын пайдалану | 11 |
| Аккумуляторды қуаттау | 11 |
| Құрылғыны пайдалану | 13 |
| Жұмысқа дайындау | 13 |
| Жіңішке араны орнату және ауыстыру | 13 |
| Жарық беретін жарықдиод | 14 |
| Маятникті тетікті ретке келтіру | 14 |
| Кесудің бұрышын реттеу | 14 |
| Параллель бағыттауышты орнату..... | 14 |
| Шаңнан тазарту..... | 15 |
| Техникалық сипаттамасы | 15 |
| Жинақталуы | 15 |
| Қызмет көрсету және күтім жасау | 15 |
| Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және кәдеге жаратудың ережелері мен шарттары | 16 |
| Қосымша ақпарат | 17 |

Құрметті сатып алушы!

«FinePower» сауда белгісімен шығарылып жатқан өнімдерді таңдап алғаныңыз үшін ризамыз. Біз сіздерге сапасы мен қызметі, дизайны жоғары талаптарға сәйкес дайындалып жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынғанымыз үшін қуаныштымыз. Пайдаланудың алдында осы өнімді дұрыс қолдануға және қауіпсіздік шараларын сақтауға, оны күтіп ұстауға арналған кеңестерден тұратын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы бұйымды бұдан әрі пайдалануда бұл нұсқаулықты анықтағыш құрал ретінде басшылыққа алып, күтіп ұстаңыз.

Құрылғының қызметі

Электр лобзик (жіңішке ара) ағаш, полимер және металл материалдарды түзу және қисық сызықты етіп кесуге арналған.

Сақтық шаралары

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

- Жұмыс орны жақсы жарықтандырылуы және таза ұсталуы тиіс. Жұмыс орнының ыбырсуы немесе жарық түспейтін жерлері болуы жазатайым оқиғаға соқтыруы мүмкін.
- Жанғыш сұйықтықтар, тұтанғыш газ немесе шаң бар, жарылыс қаупі болуы мүмкін үй-жайда бұл электр құрал-сайманмен жұмыс істемеңіз. Пайдалану барысында, сондай-ақ іске қосқанда және сөндіргенде құрал-сайман ұшқын шығарады, бұл шаңның не будың тұтануына соқтыруы мүмкін.
- Электр құрал-сайманмен жұмыс істегенде өзіңіздің жұмыс орныңызға балалар мен бөтен адамдарды жақындатпаңыз. Электр құрал-сайманды бақылай алмай қалуыңыз мүмкін.

Электр қауіпсіздігі

- Электр тоғы соғуынан сақтанудың қажетті шараларын қолданыңыз. Құрал-сайман корпусының жылу жүйесінің құбырлары, тоңазытқыш сияқты жерге тұйықталған беттермен түйісуіне жол бермеңіз.
- Электр құрал-сайманды ылғалдың, жауынның және дымқылдың әсерінен қорғаңыз. Электр құрал-сайманның ішіне су кіруі электр тоғы соғуы қатерін ұлғайтады.

Жеке қауіпсіздік

- Мұқият болыңыз, не істеп тұрғаныңызды қадағалаңыз, электр құрал-сайманмен жұмыс істеуді ойластырып бастаңыз. Есірткі шегіп, ішімдік, дәрі-дәрмек ішкенде немесе шаршап тұрғанда электр құралды пайдаланбаңыз. Электр құралдармен жұмыс істеген кезде алаңдап тұрсаңыз, жарақаттанып қалуыңыз мүмкін.
- Электр құрал-сайманмен орындалатын жұмыс түріне қарай жеке қорғану құралдарын (қорғаныш бетперде, табаны таймайтын аяқ киім, қорғаныш бас киім немесе есту органдарын қорғайтын құралдарды) қолдану жарақат алу қатерін төмендетеді.
- Электр құрал-сайманды байқаусыздан қосуға жол бермеңіз. Электр құрал-сайманды электр қуатына және/немесе аккумуляторға қосарда құрылғының сөндірілгеніне көз жеткізіңіз. Құрал-сайманды қосарда оның айырып-қосқышынан ұстамаңыз.
- Электр құрал-сайманды іске қосарда орнатқыш құралды немесе сомын кілтті жинап алып қойыңыз. Электр құрал-сайманның айналмалы бөлігіндегі сайман не кілт жарақат алуыңызға әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Құрал-сайманмен жұмыс істегенде ыңғайсыз қалыпта болмаңыз. Әрдайым ыңғайлы қалыпта болыңыз және тепе-теңдікті сақтаңыз. Осылай Сіз электр құрал-сайманды алдын ала болжанбаған жағдайда жақсы қадағалай аласыз.
- Сәйкес келетін жұмыс киімін киіңіз. Кең, қолпылдаған киім кимеңіз және әшекей тақпаңыз. Шашыңызды, киіміңізді және қолғабыңызды қозғалмалы бөлшектерден алыс ұстаңыз.
- Шаңсорғыш және шаңжинағыш құрылғыларды орнату мүмкін болса, олардың жалғануы мен дұрыс пайдаланылуын тексеріңіз. Шаңсорғышты қолдану шаңнан келетін қатерді азайтады.
- Электр қуаты жойылғанда немесе электр құрал-сайман өздігінен сөніп қалғанда сөндіргіштің батырмасын шұғыл “СӨНД” қалпына ауыстырып, қосқышын розеткадан суырыңыз. Егер кернеу төмендеп кеткенде құрал қосулы болып қалса, қуат қайта берілген кезде ол өздігінен іске қосылады, салдарынан пайдаланушының денсаулығына зиян келтірілуі және/немесе материалдық залал туындауына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Пайдалану ережесін, сондай-ақ қауіпсіздік техникасын сақтамау электр тоғына түсуге, өрт шығуына және/немесе жарақатқа әкеліп соқтыруы мүмкін. Өндіруші мен оның уәкілетті өкілдері құрал-сайманды осы нұсқаулықтағы талаптарды сақтамай пайдалану салдарынан болған зақымдалу үшін өздеріне жауапкершілік алмайды.

Электр құрал-саймандарды дұрыс пайдалану

- Электр құрал-сайманды асыра жүктемеңіз. Орындалатын жұмысқа нақты арналған электр құрал-сайманды ғана қолданыңыз. Сипаттамасы сәйкес электр құрал-сайманмен Сіз көрсетілген қуат диапазонында жақсы да сенімді жұмыс істейсіз.
- Сөндіргіші жарамсыз электр құрал-сайманмен жұмыс істемеңіз. Іске қосылмайтын немесе сөндірілмейтін электр құрал-сайман қауіпті, оны жөндеу керек.
- Электр құрал-сайманды күйге келтіруді бастауға дейін, керек-жарақтарын ауыстырарда және жұмысты тоқтатарда оның тоққа қосқышын желі розеткасынан суырыңыз және/немесе аккумуляторын шығарып алыңыз. Бұл электр құрал-сайманды байқаусыздан қосудан сақтандырады.
- Электр құрал-сайманды, керек-жарақтарды, жұмыс құралдарын т.с.с. осы нұсқаулыққа сәйкес қолданыңыз. Бұл орайда жұмыс жағдайы мен орындалатын жұмысты ескеріңіз. Электр құрал-саймандарды оларға арналмаған жұмыс жүргізуде қолдану қауіпті жайтқа әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдардың бақылауында болатын жағдайларды қоспағанда, бұл құрылғы ондай адамдардың қолдануына арналмаған. Балаларға бұл құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Электр лобзикпен жұмыс істегендегі қауіпсіздік шаралары

- Электр лобзик жоғары қуатты қозғалтқышпен жарақталған. Жүріс жиілігі төмен қалпында құрал-сайманды үзіліссіз пайдаланғанда салқындатудың қарқыны азаяды, қозғалтқышқа салқындататын ауа жетіспейді, оның салдарынан қозғалтқыштың қызып кетуі ықтимал.
- Жұмыс кезінде кесіліп жатқан дайындамада жіңішке араның айқасып қалуына жол бермеңіз. Кесім түзу болуы үшін өңделетін материалға қарай жүріс жиілігін реттеңіз.
- Дайындаманың шеге бар жерін кеспеңіз. Жұмысты бастамас бұрын дайындамада бөгде металл ендірмелер болуын тексеріңіз, бар болса алып тастаңыз.
- Қуыс құбырларды жіңішке арамен кеспеңіз. Өте үлкен дайындамаларды жіңішке арамен кеспеңіз. Жұмысты бастамас бұрын кесу барысында жіңішке ара кескішінің еденге, тұғырға және басқа заттарға тимеуіне көз жеткізіңіз.
- Электр лобзикті іске қосарда жіңішке ара кескішінің материал бетіне тимеуіне көз жеткізіңіз. Электр лобзикті материалдан шығарып аларда құрал-сайманды сөндіріңіз де оның толық тоқтауын күтіңіз.
- Қабырғада, еденде және тоқ жүргізетін заттар орналасуы мүмкін басқа жерлерде электр құрал-сайманды қолданып кескенде құрылғының металл бөлшектеріне қол тигізбеңіз. Жіңішке ара тоқ жүргізетін сымдарға жанасқанда тоқтан жарақат алмау үшін электр лобзикті тек оның пластик беттерінен ғана ұстаңыз.
- Жіңішке араның кескішіне және дайындаманың бетіне кесуді аяқтай сала қол тигізбеңіз. Олар өте ыстық болуы және күйдіріп жіберуі мүмкін.

Аккумуляторлы батареяны (Li-pol/Li-ion) қолдану жөніндегі ұсыныс

АКБ-ның табиғи тозуы

Құрылғыны ұзақ уақыт сақтағанда және пайдаланғанда аккумулятор (бұдан әрі – “АКБ”) қуаты мен сыйымдылығынан айырылады. Құрылғыны қолданған кезеңде қуаттау мен қуат кетуінің 300 циклынан соң АКБ сыйымдылығы өзінің номиналдық мөлшерінің 60% дейін төмендеуі мүмкін. АКБ сыйымдылығы қуаттау мен қуат кетуінің 400 циклынан соң өзінің номиналдық мөлшерінің 80% дейін төмендеуі мүмкін.

Осы аталған шекте және көрсетілген уақыт кезеңіндегі сыйымдылығының ішінара төмендеуі – АКБ табиғи тозуы, бұл ақау емес. АКБ құрылғыдан бөлек сақталғанда да оның қуаты жойылады. Қуаттың өздігінен жойылуы айына 5% дейін. Құрылымы бойынша АКБ жарамдылық мерзімі қысқа, ол пайдаланылса да, пайдаланылмаса да үнемі азаяды. Оның азаюы температура жоғарылаған сайын және қуат мөлшерінің “оңтайлы” (сақталуына қарағанда) деп саналатын 40% алыстаған сайын қарқынды береді. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса, оның қуатын 40-50 % деңгейде ұстаған жөн.

Аккумуляторлы батареяның қуатының жарамдылығы/қуаты кетуі оған енгізілген бақылағыш арқылы басқарылады. Түпнұсқалық жинаққа кірмейтін сыртқы қуаттау құрылғыларындағы “тез қуаттау” тәртібін қатаң түрде қолданбау керек, себебі қуаттау мен қуат кетуінің тоқтары шектеулі.

АКБ-ның “жады әсері” жоқ. АКБ-дағы қуаттың кез келген деңгейінен бастап оның қуатын кетіруге/қуаттауға болады. Құрылғылардың көбінде қуаттау/қуат кетіру дәрежесі бойынша шектеу қойылған – мысалы, қуат 90% асып тұрғанда бақылағыш АКБ-ны қуаттауға жол бермеуі мүмкін. Сондай-ақ ол АКБ элементтерінің бүлінуіне жол бермеу (“қуатын жою” әсерін болдырмау) үшін оның қуатын толық кетіруге де жол бермейді. Егер АКБ 2 апта және одан ұзақ уақыт қуаты кеткен күйде болса, оның элементтерінде сыйымдылық жойылуы процесі орын алады, салдарынан АКБ-ның өзі істен шығады.

Егер құрылғының АКБ-сы қуаты кеткен және біраз уақыт пайдаланылмаған болса, құрылғыны қайта пайдалануды бастамас бұрын оны шамамен 1-2 сағатқа ҚҚ-ға қосып қою қажет.

Температуралық тәртіпті сақтаңыз

АКБ қуатталған күйде ауа температурасы +15°C – +35°C жағдайда сақталуы тиіс. АКБ қоршаған ортаның температурасы өте жоғары (+50°C артық) және өте төмен (-30°C төмен) болғанда ұзақ пайдалануды ауырсынады. Оны жылу көздеріне, мысалы, электр қыздырғышқа жақын жерде қалдырмаңыз.

АКБ-ны бөлшектемеңіз, өртемеңіз, зақымдалған АКБ-ны қолданбаңыз

Ешбір жағдайда АКБ-ны өз бетіңізбен бөлшектеуге және оның элементтерін қуаттауға болмайды, оны білікті мамандар орындауы тиіс. Элементтердің тесілуі не майысуы ішкі қысқа тұйықталуға, соңынан жануы мен жарылуына әкеліп соқтыруы мүмкін. АКБ корпусының герметикалылығы бұзылғанда элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал жиналуы мүмкін, бұл сутегінің бөлінуі мен тұтануға соқтыруы ықтимал. Зақымдалған АКБ-дан адам денсаулығы үшін зияны бар заттар бөлініп шығады.

АКБ штаттық режимде жұмыс істемей қалғанда, қандай да бір себеппен деформацияланған (ісінсе, ішіне қарай тартылса т.с.с.) жағдайда шұғыл түрде уәкілетті сервистік орталыққа жүгіну керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Іс жүзіндегі жұмыс уақыты көрсетілген уақытқа сай болмауы мүмкін. АКБ-ны қуаттау циклдарының саны шектеулі, біраз уақыт өткеннен соң АКБ-ны ауыстыру талап етілуі мүмкін (АКБ-ның шектеулі кепілдік шарттарын кепілдеме түбіртегінен қараңыз). АКБ жұмыс істеу уақыты оны пайдалану тәртібіне және күйге келтірілуіне байланысты.

Бұйымның қызмет ету мерзімі

Бұйымның қызмет ету мерзімі-4 жыл.

Көрсетілген қызмет мерзімі тұтынушы осы нұсқаулықтың талаптарын сақтаған кезде жарамды болады.

Сыни істен шығулардың тізбесі

- Қатты ұшқынмен қолдануға болмайды.
- Қатты діріл пайда болған кезде пайдаланбаңыз.
- Бұйымның корпусынан тікелей түтін пайда болған кезде пайдалануға болмайды.


Персоналдың ықтималды қате әрекеттері

- Зақымдалған тұтқамен немесе зақымдалған қорғаныш қаптамасымен пайдалануға болмайды.
- Жаңбыр кезінде ашық кеңістікте қолдануға болмайды.
- Корпусқа су кірген кезде қоспаңыз.

Шекті күйлердің өлшемдері

- Бұйымның корпусы зақымдалған.

Құрылғының схемасы



1. Ажыратқыш.
2. Шаңсорғышты қосуға арналған келте құбыр.
3. Шаңсорғышпен жұмыс істеу режимін ауыстырып қосқыш.
4. Маятник қозғалысын реттеуші.
5. Ара жүзінің тірек ролигі.
6. Ажыратқышты құлыптау түймесі.
7. Тірек табанын бекіту бұрандасы.
8. Тірек табанын бекіту бұрандасы.
9. Алтыбұрышты кілт.
10. Мөлдір қорғаныс экраны.
11. Параллель бағыттағышты бекіту бұрандалары.
12. Параллель бағыттаушы.

Аккумуляторды және қуаттау құрылғысын пайдалану

Ескертпе: бұл электр құрал-сайманның жиынтығында аккумулятор мен қуаттау құрылғысы қамтылмаған. Кестеде осы электр құрал-сайманға сай келетін аккумуляторлар мен қуаттау құрылғыларының моделдері көрсетілген.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Осы электр құрал-сайманға сай келетін керек-жарақтарды ғана қолданыңыз

| | |
|----------------------------|---|
| Li-ion аккумуляторы | Finepower OneBase B20 / Finepower OneBase B40 / Finepower OneBase B60 / Finepower OneBase S40 / Finepower OneBase S80 |
| Қуаттау құрылғысы | Finepower OneBase C124 / Finepower OneBase C135 / Finepower OneBase C230 / Finepower OneBase C180S |


Аккумуляторды қуаттау

1. Аккумуляторды электр құрал-сайманнан ажыратыңыз. Ол үшін аккумулятордағы бекіту батырмасын басыңыз да аккумуляторды электр құрал-сайманнан абайлап ағытып алыңыз.



Бекіту батырмасы

2. Қуаттау құрылғысын электр желісіне қосыңыз. Индикатор жасыл түсті болып жанады.
3. Аккумуляторды қуаттау құрылғысына орнатыңыз да дұрыс жалғалуына көз жеткізіңіз.
4. Қуат алып жатқанын көрсеткенде, индикатор қызыл түсті болып жанып тұрады.
5. Қуаттау аяқталғанда, индикатор жасыл түсті болып жанады. Қуаттау құрылғысын желіден ажыратыңыз да аккумуляторды шығарып алыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Қуаттау құрылғысын желіден ажыратқанда сымынан тартпаңыз.

1. Қуатталды.
2. Қуат алып тұр.

| Аккумулятор | Аккумулятордан жұмыс істеудің номиналды* уақыты |
|---------------|---|
| B20 2.0 A-сағ | 25 минут |
| B40 4.0 A-сағ | 50 минут |
| B60 6.0 A-сағ | 75 минут |
| S40 4.0 A-сағ | 50 минут |
| S80 8.0 A-сағ | 100 минут |

* Аккумулятордың қуаты толық болғандағы құрылғының шағын жүктемемен жұмыс істейтін шамаланған уақыты.



| Қуат деңгейінің индикаторы | Қуат қалдығы (%) |
|---|------------------|
| <p>Жасыл Қызғылт сары Қызыл</p> | 75 – 100 % |
| <p>Қызғылт сары Қызыл</p> | 25 – 50 % |
| <p>Қызыл</p> | 10 – 25 % |

Құрылғыны пайдалану

Жұмысқа дайындау


Құрылғыны қаптамасынан абайлап шығарыңыз, тасымалдау кезінде пайда болуы мүмкін зақымдалу белгілерінің жоқтығына көз жеткізіңіз.

Егер қандай бір бөлшегі зақымдалған немесе жоқ болса, уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Жіңішке араны орнату және ауыстыру

Құрылғының құрамдас бөлшегін немесе айлабұйымдарын ауыстыру жұмысын жүргізерде электр лобзиктің сөндірулі, аккумулятордың ажыратулы болуына көз жеткізіңіз.

- Мөлдір қорғаныш экранды жоғары қарай тартыңыз.
- Тез қысқыш патронның тұтқасын бұрып ұстап тұрыңыз да, жіңішке араның кескішін өз орнына салыңыз, тістерінің ілгері бағытталуын қадағалаңыз.
- Жіңішке араның кескішін бекіту үшін тез қысқыш патронның тұтқасын жіберіңіз.



Құрылғыны іске қосу/сөндіру

Құрылғыны іске қосу үшін сөндіргішті бұғаттау батырмасын басыңыз, одан соң сөндіргішті басыңыз.

Ескертпе: Құрал-сайманмен жұмыс істегенде есту органдарын қорғау құралдарын қолданыңыз.

Маңызды:

- Араның кескіші құрылғы сөндірілгеннен соң бірнеше секунд бойы қозғалып тұруы мүмкін.
- Жұмыс істегенде құрылғыны екі қолмен ұстап тұрыңыз.
- Араның кескішін қатты баспаңыз, бұл қозғалтқыштың асыра жүктелуіне және құрылғының бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін.
- Кесу кезінде дайындаманың табанға тіреліп тұруын қадағалаңыз.
- Металл өңдегенде кесу сызығының бойына майлағыш құрал жағу керек.
- Өңделетін материал тақталарын әрдайым тұрақты тіреуге (АЖТ немесе шере үстел) тіреп қою керек. Осы арқылы материалдың қозғалуына жол берілмейді және оның созылмалығы бақылауда болады.
- Шағын дайындамалар жұмыс операциясы кезінде сенімді бекітілуі тиіс.

Жарық беретін жарықдиод

Сөндіргіш батырмасын басқанда жарықдиод жанады да кесу сызығына жарық түсіріп, кесуді жеңілдетеді.

Маятникті тетікті ретке келтіру

Құрал-сайманның маятникті тетігі бар, материалды кесудің жылдамдығын ұлғайту үшін ол жіңішке араға тербемелі қозғалыс береді.

Реттегіштің көмегімен Сіз маятниктің қажетті жүрісін белгілеп орната аласыз.

Реттегіштің төрт қалпы (“0” – “3”) маятникті жүрісті реттеудің төрт сатысына сәйкес келеді.

Реттегішті өзіңізге қажет қалыпқа келтіріңіз:

- 0-қалып.
- 1-қалып: Маятникті жүрiстiң төмен қарқыны материалдың тегiс өңделуiнiң шарты.
- 2-қалып: Маятникті жүрiстiң орташа қарқыны.
- 3-қалып: Маятникті жүрiстiң жоғары қарқыны материалдың iрiлеу өңделуiнiң шарты.

Кесудің бұрышын реттеу

Тiреуiш табанды сол және оң жаққа 45° дейiн бұруға болады.

- Алты қырлы кiлтпен тiреуiш табанның бекiткiш бұрандаларын босатыңыз.
- Табанды аздап артқа қарай тартыңыз да оны қажеттiгiне қарай бұрыштап (15°, 30° немесе 45°) орнатыңыз.
- Табанды iлгерi жылжытыңыз да бекiткiш бұрандаларды тартыңыз.

Ескертпе: Егер құрылғы параллель тiреумен пайдаланылатын болса, кесу бұрышын реттеуге дейiн оны ажырату қажет.

Параллель бағыттауышты орнату

Параллель бағыттауыш дайындаманың шетiне параллель кесу орындауға мүмкiндiк бередi.

- Жеткiзу жиынтығының құрамындағы параллель бағыттауышты тiреуiш табандағы оған арналған саңылауларға енгiзiңiз.
- Параллель бағыттауышты екi бекiткiш бұрандамен бекiтiңiз.
- Сынама кесiм жасап көрiңiз де, қажет болса, дайындаманы кесуден бұрын айлабұйымды тиiстi күйге келтiрiңiз.

Шаңнан тазарту

Шаңсорғышты жалғауға арналған келте құбырға шаңсорғышты жалғаңыз. Шаңсорғыш жалғанған электр лобзикті қолданғанда, қолданыста болған ауа жіңішке ара кескішінің жұмыс аясынан шығатын жолды ашу үшін айырып-қосқышты оңға қарай ауыстырыңыз, белгіленген кесу сызықтары көрініп тұрады.

Егер Сіз құрылғыны қолданылған ауаны бұрмай қолданатын болсаңыз, айырып-қосқышты солға қарай ауыстырыңыз, сонда қозғалтқыштан шыққан ауа кесу сызығының жанынан шығады да белгіленген кесім сызығындағы жаңқа мен ұнтақты кетіреді.

Ескертпе: жаңқа мен ұнтақтың тыныс жолдарына түсуі денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Құрылғымен жұмыс істегенде респиратор киіңіз.

Техникалық сипаттамасы

- Үлгісі: CJSBR80.
- Кернеу: 20 В.
- Шток жиілігі: 0-2700 жүр/мин.
- Жіңішке ара кескішінің жүрісі: 20 мм.
- Максималды ағаш кесімі: 80 мм.
- Металдағы максималды кесім: 5 мм.
- Маятникті жүріс: 4 саты.
- Табанды реттеу бұрышы: 0-45°.
- Айналым реттеу.
- Дыбыс қысымының деңгейі L_pA ($K=3$), дБ (A): 79,4.
- Дыбыс қуатының деңгейі L_wA ($K=3$), дБ(A): 90,4.
- Жұмыс режиміндегі діріл деңгейі ($K=1,5$), m/s^2 : 11,18.

Жинақталуы

- Құрылғы.
- Алты қырлы кілт.
- Параллель бағыттауыш.
- Шаңсорғышқа арналған келте құбыр.
- Ағаш кесетін кескіш.
- Металл кесетін кескіш.
- Пайдаланушының нұсқаулығы.

Қызмет көрсету және күтім жасау

- Құрал-сайманды жөндеу жұмыстарын уәкілетті сервистік орталықтың білікті маманы түпнұсқа қосалқы бөлшектерді қолданып орындауы тиіс.
- Желдету саңылауларының таза болуын қадағалаңыз. Ластанған құрылғыны құрғақ жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Аккумулятор мен қуаттау құрылғысының түйіспелері таза болуы тиіс.
- Қуаттау құрылғысын тазартарда аккумуляторды шығарып алыңыз.
- Қуаттау құрылғысын тазартарда оны электр желісінен айырыңыз.
- Желдету саңылауларында түк, шаң, басқа қоқыс болмауына көз жеткізіңіз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және кәдеге жаратудың ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы оны өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5°C – 40°C және салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспайтын жағдайда сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттануға соқтыратын агрессивті қоспалар (қышқылды, сілтілі бу) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы мұқият күтімді талап етеді, оны шаңның, балшықтың, соққының, ылғалдың, оттың әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау бекетіне қайта өңдеуге жіберіледі. Осы бұйымды дұрыс жояуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою бекеттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының жарамсыздығы анықталғанда уәкілетті сервистік орталыққа шұғыл жүгіну қажет немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинбо Лянъе Электрик Эпплайнсис Ко., Лтд. Цяньхоучэнь ауылы, Юньлун, Иньчжоу ауданы, Нинбо қаласы, Чжэцзян провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Айрықшаламалар, өнім жайлы ақпарат, оның жинақталуы мен қызметі пайдаланушыны алдын ала хабардар етпей өзгертілуі мүмкін. Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі бұл нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгешелеу болуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: finerpower.ru



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.7

Кепілдеме түбіртегі

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күн: _____

Өндіруші құрылғының барлық кепілдік мерзімі ішінде үзіліссіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі де тек жаңа өнімдерге ғана беріледі.

Кепілді қызмет көрсету пайдаланушы бұйымды нұсқаулық бойынша пайдаланған жағдайда кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеуге немесе ауыстыруға мүмкін болады. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 48 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

<https://finerpower.ru/page/dynamic/support/>

Кепілдік міндеттемелері мен тегін сервистік қызмет көрсету тауар жиынтығының құрамына кіретін төменде атап көрсетілген, оларды ауыстыру үшін бұйымды бөлшектеу қажет болмайтын керек-жарақтарға таралмайды:

- Қашықтан басқару пультіне (ҚБП) арналған қуаттандыру элементтері (батарейкалар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар мен оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылар; түрлі ақпарат тасымалдағыштар, жинақ құрамында жеткізілетін бағдарламалық қамтылым (БҚ) мен драйверлер (бұйымның қатты магнитті дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ қоса алғанда, бірақ шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары мен манипуляторлар.
- Алып жүруге арналған қаптар, сөмкелер, белдіктер, баулар, монтаждау айла-бұйымдары, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Жұмсалатын материалдар мен табиғи тозатын бөлшектер.

Өндіруші мынадай жағдайларда өзіне кепілдік міндеттеме алмайды:

- Кепілдік мерзімі аяқталғанда.
- Бұйымды жеке (тұрмыстық, отбасылық) немесе кәсіпкерлік қызмет жүргізуге пайдаланған болса, оны өз мақсатынан бөлек өзге мақсаттарға пайдаланған болса.
- Өндіруші бұйымды қолдану кезінде нұсқаулықтың талаптарын бұзса, бұйымды орналастыру мен оған қызмет көрсету жөніндегі ұсыныстарды, оны іске қосу ережелерін (бұйымға және оған жалғанған басқа бұйымдарға сәйкес емес желі кернеуінің әсер етуінен туындаған қысқа тұйықталу), бұйымды сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан бұйым иесіне және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілуі мүмкін материалдық, моральдық және өзге де залалдар үшін жауап бермейді.
- Механикалық зақымдану жағдайларында: бұйымды пайдалану кезінде болған кетіктер, жарықтар, пішіні бұзылу, соғылған жерлер, майысу және т.б.
- Бөгде жерде модификациялаудың, ондай жұмыс жүргізуге уәкілеттілігі жоқ адамдар рұқсатсыз жөндеу жүргізуінің дәлелі бар болса. Егер ақау Өндіруші қарастырмаған Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны қосудан, бұйымның конструкциясын немесе схемасын өзгертуден туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің (табиғат апатының, өрттің, су тасқынының, зілзаланың, Өндірушіге қатысы жоқ тұрмыстық факторлар мен өзге жайттардың) әсерінен, немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен болған жағдайда. Егер ақау бұйымның ішіне бөгде заттар, бөгде денелер, заттар, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсіп кетуінен, агрессивті ортаның, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температураның әсерінен туындап, олар бұйымның толықтай не ішінара істен шығуына әкеліп соқтырса.
- Бұйымның сәйкестендіру нөмірі (сериялық нөмірі) жоқ болса немесе сәйкес келмеген жағдайда. Егер зақымдалу (кемшіліктер) зияны бар бағдарламалық қамтылымның әсерінен болса; құпиясөз орнату, ауыстыру немесе жойылу себебінен туындаса, ал олар бұйымның бағдарламалы ресурстарына кіре алмаған жағдайда, осы қызметті жеткізуші БҚ қызмет көрсетпеуі себебінен кодты алып тастау/қалпына келтіру мүмкін болмағанда.
- Егер жұмыс ақаулары қуат беретін, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына, оның ішінде жер бедерінің ерекшелігіне және оған тең басқа сыртқы факторлардың сәйкес келмеуінен туындаған болса.
- Егер зақымдалу стандартқа сай емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) жұмсалатын материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуаттандыру элементтерін, түрлі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жады карталарын, SIM карталарды, картридждерді қоса алғанда) қолдану себебінен туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлеспейтін контент (әуен, графика, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшасы, оған ұқсас басқа бағдарламалар) қабылдау, оларды орнату және қолдану себебінен туындаса.
- Осы бұйыммен жалғастырылып жұмыс істейтін басқа жабдыққа залал келтірілген жағдайда.

www.finepower.ru